

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты
«Музейдегі гид (экскурсовод)»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Музейдегі гид (экскурсовод)
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Білім алушылардың тарихи-мәдени мұра, өлкетану және музей ісі саласындағы білімін, дағдыларын және құзыреттерін қалыптастыру. Бұл музейлер мен архивтерде экскурсиялық бағдарламаларды ұйымдастыруға, экскурсиялар мен білім беру іс-шараларын жүргізуге, сондай-ақ келушілермен тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	Қ1 – Қазақстандағы тарихи ескерткіштер туралы білімді меңгеру. Қ2 – Тарихи өлкетану және аймақтық тарих негіздерін түсіну. Қ3 – Музейлік және архивтік қызметті ұйымдастыру дағдылары. Қ4 – Экскурсияларды, білім беру және ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу және өткізу қабілеті.
10	Оқыту нәтижелері	ОН1 – Тарихи ескерткіштерді талдайды және экскурсиялық маршруттарды жасайды. ОН2 – Өлкетану білімін ақпараттық және танымдық экскурсияларды даярлауда қолданады. ОН3 – Музейлік және архивтік қызметті нормативтер мен стандарттарды ескере отырып ұйымдастырады. ОН4 – Түрлі категориядағы келушілер үшін экскурсиялар мен білім беру іс-шараларын заманауи ақпарат жеткізу әдістерін пайдалана отырып өткізеді.
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

1 Қосымша

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
Міндетті компонент				
1	Қазақстанның тарихи ескерткіштері	Бұл пән Қазақстанның негізгі тарихи ескерткіштерін, олардың шығу тегін, сәулет және мәдени ерекшеліктерін зерттейді. Білім алушылар тарихи объектілерді талдау және жүйелеу әдістерін меңгереді, экскурсиялық маршруттарды әзірлеу, ақпараттық материалдар жасау және мәдени-тарихи контексті ескере отырып экскурсиялар өткізу дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН1
2	Тарихи өлке тану	Бұл пән аймақтық тарих пен мәдени мұраны зерттейді, жергілікті оқиғалар, тұлғалар және дәстүрлер туралы білім қалыптастырады. Білім алушылар тарихи деректерді талдау, экскурсиялық материалдар даярлау және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру әдістерін меңгереді, зерттеу дағдыларын дамытып, өңірдің тарихи-мәдени мұрасына қызығушылық қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2
Таңдау компоненті				
3	Музейтану және архивтану	Бұл пән музейлер мен архивтердің ұйымдастырылуы мен қызметін, коллекцияларды сақтау және жүйелеудің негізгі қағидаларын, нормативтік талаптар мен стандарттарды зерттейді. Білім алушылар музейлік қызметті жоспарлау және өткізу, экспонаттар мен архив құжаттарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, келушілерге арналған білім беру және экскурсиялық бағдарламаларды әзірлейді.	5	ОН3, ОН4
	Музей ісінің негіздері	Бұл пән музей ісінің негізгі қағидаларын, музей құрылымын, экспонаттарды классификациялау және оларды ұсыну әдістерін зерттейді. Білім алушылар көрмелерді ұйымдастыру, экскурсиялар мен білім беру бағдарламаларын өткізу технологияларын меңгереді, музей коллекцияларымен кәсіби жұмыс істеу және келушілермен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады.		
Барлығы:			15 кредит	